Когда ЧП (террористические акты, межэтнические конфликты, несанкционированные митинги) в стране – первая информация появляется в **Vkontakte** (посты и комментарии), потом **Instagram**, **Youtube**, потом **Facebook** вступает – только постфактум

Күн тәртібін зерттеуді әдетте БАҚ пен қоғамдық күн тәртібі арасындағы корреляцияның тұрақсыздығы көрсетеді.

Фрейминг. Күн тәртібінің әрбір объектісінің көптеген айрықша белгілері бар, олар когнитивтік компонентті (объектінің мінездемесін сипаттайтын ақпарат) және аффектілік компонентті (ортақ көңіл күйді қамтиды (позитивті, негативті, бейтарап)). Бірінші деңгейдегі

күн тәртібі медианың «аудиторияға НЕНІ ойлау керектігін білдіретін хабарламасындағы» рөліне ерекше көңіл бөледі. Екінші деңгейдегі күн тәртібінің функциясы – «аудиторияға қалай ойлау керектігі туралы хабарлама жіберу». Екінші деңгейдегі күн тәртібі қоғамдық пікірге күн тәртібіне тән қандай тұстар әсерін тигізетінін зерттейді.

Осы саладағы зерттеулердің көпшілігі күн тәртібінің жаңалықтар медиасына қалайша әсерін тигізетінін анықтау мақсатында жүргізілген болатын. Пол Лазарсфельд және оның әріптестері 1940 жылы Эрие қаласында (Огайо штаты) өткізген сайлауды зерттегеннен кейін, кейінгі 20 жыл бойы бұқаралық коммуникациялар әсерінің саны аз куәліктері табылған болатын. Джозеф Клэпердің (1960) «Бұқаралық коммуникациялар әсері» туындысында медианың әсері өте шектеулі делінген. Күн тәртібі бұқаралық ақпарат құралдарының әсерін зерттеудегі парадигмасының өзгеруін туындатты: медиа контентті қосу арқылы ақпараттандыру сенімі және оның жұртшылыққа әсері.

Технологияларды дамытудың арқасында адамдардың жаңалықтар алу әдістері айтарлықтай өзгерді. Қазіргі таңда адамдар жаңалықтарды әртүрлі әдіспен алады, сондықтан медиа мен күн тәртібі бейімделуге мәжбүр. Медианың оңай қолжетімділігі адамдарға өздерінің күн тәртібін құруға және ұқсас күн тәртіптері бар топтарды табуға мүмкіндік береді. Топтық және жеке күн тәртіптерінің жоғары саны, сондай-ақ технологиялардың дамуы «күн тәртібінің араласуы» теориясының дамуына ықпал етеді. Интернеттің дамуының арқасында бүкіл планетаның адамдарына күн тәртібі ұқсас адамдарды табу және олармен бірігу жеңілдей түсті. Бұрын күн тәртібі негізгі ортақ тақырыптармен шектеулі болды және саяхаттау мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, географиялық тұрғыдан бекітілген болды.

АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ

Қазіргі таңда интернет-коммуникациялар елдің әлеуметтік және экономикалық процестерде маңызды рөл атқарады және олардың дамуы мен таралуының артуына байланысты саяси процестерге әсері де артып келеді. Интернет-коммуникациялар әсіресе саяси акторлар үшін маңызды мәнге ие болып келеді.

ИНТЕРНЕТ-КОММУНИКАЦИЯЛАРДЫ ДАМУ

Бүгінгі таңда технологиялардың үздіксіз және кейде жылдам ауысып отыру дәуірінде саяси, мемлекеттік немесе бизнес-фактор үшін өз қызметін айналадағы болмыстың сын-тегеуріндеріне сәйкес құру, өз бейнесін өзекті және ең алдымен интернет-орта мен оның интерактивтік сервистерінің жүйесі бейнелейтін ақпараттық технологиялардың бүгінгі таңдағы мүмкіндіктері арқылы іскерлікпен қалыптастыру және ілгерілету маңызды болып табылады.

Интернет, оның ішінде әлеуметтік медиа, әлеумет үшін аса маңызды функциялардың бірі – коммуникативтік функцияны орындайды. Осыған байланысты саяси партиялар үшін әлеуметтік медиа халықпен қарым-қатынас жасау, кері байланыс құралы болумен қатар, өз идеялары мен көзқарастарын білдіру алаңы болып табылады.


Интернет пайдаланушылардың әлемдік статистикалық деректері сайтының деректері бойынша, бүкіл Интернет пайдаланушылардың әлемдік статистикалық деректерін алып қарасақ, 3 миллиардтан астам адам немесе әлемнің 46,4% халқы интернет пайдаланушы болып табылады. Егер әлеуметтік медианың аудиторияны қамтуының өзін қарастыратын болсақ, онда Ebizmba зерттеу ресурсына сәйкес 2016 жылдың мамыр айы бойынша әлеуметтік желілердің әлемдік рейтингі келесідей болды [1] (1-суретті қараңыз):




1-сурет. Әлеуметтік желілердің әлемдік рейтингі

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИАНЫҢ КҮШІ

Біріншіден, заманауи ақпараттық технологияларды қолдану қабілеті тәжірибелі интернет-пайдаланушыларға әлеуметтік желілерді саяси мансабын қалыптастыру үшін қолдану мүмкіндігін ұсынады. Мысал ретінде басқа үміткерлер арасында әлеуметтік желілерде достар саны ең көп болған Барак Обаманың 2008 жылғы сайлауалды науқанын келтіруге болады. Барак Обама ресми сайтпен ғана шектеліп қойған жоқ, ресми сайттан бөлек науқанда Facebook, YouTube, MySpace, BlackPeople және басқа да көптеген ресурстарды жұмылдырылды. Әлеуметтік және басқа да желілерде аудиториямен қарым-қатынас жасалған бес жүзден астам арнаның ішінде тек 17-сі ғана ресми болды – қалған арналардың барлығын осы әлеуметтік желілердің қатысушылары құрады. YouTube желісіндегі ресми арна екі мыңнан астам роликті қамтиды. Сайлауда жеңіске жеткеннен кейін де Б. Обама әлеуметтік желілерді айтарлықтай тиімді пайдаланатын әлем саясаткерлерінің бірі болып қала береді.




Екіншіден, әлеуметтік желілердің бірқатар талассыз артықшылықтары бар, олардың бірі жеңіл болуы, ол арқылы нақты уақыт режимінде кез келген адаммен, оның қай жерде болғанына қарамастан байланысуға болады. Бұл саясаткерге/саяси партияға соңғы жаңалықтардан және адамдардың әлемде және елде орын алған оқиғаларға деген реакциясынан хабардар болуға мүмкіндік береді.



Үшіншіден, әлеуметтік желілерде креативтік әлеуметтік маңызы бар шешімдер жылдам шоғырланады және шығарылады. Өйткені оларда биліктік вертикаль жоқ және желілік ресурс іске қосылады. Мысалы, әлеуметтік желілер краудсорсинг әдісін тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, әлеуметтік желілер тұлғааралық және әлеуметтік коммуникация процесін едәуір жеделдетеді. Бүгінде бейнеконференциялар – бұл онлайн режимінде мемлекетаралық және халықаралық мәселелерді шешуге, азаматтар мен персоналды оқыту және басқа да көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін тиімді жұмыстың ажырамас бөлігі.

Осылайша, әлеуметтік медианың аталған ерекшеліктеріне сүйене отырып, заманауи қоғамның дамуының заманауи кезеңінде олардың саяси процестерге деген әсері артып келеді деп қорытындылауға болады. Әлеуметтік желінің саяси ерекшелігі хабарламалардың күнделікті сан миллиондаған ағынында олардың ешқайсысы маңызды, ықпалды болып табылмайтынымен қамтылады. Алайда кейбір хабарламаның айналасында кенеттен сандық назар аударудың белгілі бір массасы жиналатын болса (дәйексөз келтіру, талқылау), ол бірнеше сағаттың ішінде әлеуметтік-саяси өмірдің сапалық нәтижесіне айналады және оған дәстүрлі әкімшілік механизмдермен төтеп беру мүмкін болмайды. Мысал ретінде Алматы хайуанаттар бағы, ҚР Парламентінің Мәжілісі депутаттарының мейманханада тұруы, мектептегі тамақтандыру, тіл мәселесі және т.б. жағдайларды келтіруге болады. Осы тақырыптардың әлеуметтік желілерде кеңінен талқылана отырып, кейіннен БАҚ-та тираждалуы - бұл мәселелердің елдің әлеуметтік-саяси өмірінің трендіне айналуына мүмкіндік берді және саяси акторларды ақпаратқа түсінік беруге және тиісті шаралар қолдануға мәжбүр етті. Төменде Facebook әлеуметтік желісіндегі қоғамдық резонанс туындатқан және ақпараттың әрі қарай таралуы мен қоғамдық талқылануына себеп болған посттарға мысал келтірілген (2-суретті қараңыз).



2-сурет. Facebook әлеуметтік желісіндегі посттардың мысалы

Әлеуметтік медиа саяси партиялар үшін сөзсіз жақсы жағымен қатар қауіпті жақтарын да қамтиды. Бұл тұрғыда партиялардың әлеуметтік медидағы ақпараттық қызметі мәселесі ерекше өзектілікке ие болады. Бұл жерде саяси партиялардың әлеуметтік желілерде болу қажеттігі туралы мәселе жоқ, өйткені бұл заманауи әлемнің талабы. Басты басымдық аталмыш медианың мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану, онымен жұмыс істеудің дұрыс стратегиясын таңдау болып табылады.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ТАЛДАУ

Бүгінгі таңда әлеуметтік желілер Интернеттегі ең көп қолданылатын ресурстардың бірі болып табылады. ComScore зерттеу компаниясының деректері бойынша оларды әлемдегі барлық Интернет пайдаланушылардың шамамен 85%-ы қолданады. Әлеуметтік желілердегі ақпаратты талдау ең қызықты бағыттардың бірі болып табылады. Біріншіден, микроблогтың өзі қоғамдық ерекшелігі бар ақпараттың бай қайнары болып табылады. Екіншіден, әлеуметтік желілердегі ақпараттың сипаты ашық және айқын әрі жақсы құжаттанады. Үшіншіден, көптеген зерттеушілер үшін әлеуметтік желілердегі деректер микроблогтағы хабарламалар нақты уақыт режимінде шығуымен де қызықты болады. Әлеуметтік желілердегі пікірлерді қоғамның алуан түрлі топтары білдіреді және азаматтардың ұстанымы көрініс береді.

Әлеуметтік желінің функциялары арасында келесілерді атап өту қажет[2]:

1. Коммуникациялық. Коммуникациялық функциялар арасында адамдар байланыс орнатады, жаңалықтармен, ақпаратпен алмасады (сурет, бейне, аудио материалдар, сайттарға сілтемелер, комментарийлер, хабарламалар), бірлескен мақсаттарға қол жеткізу үшін серіктеседі (бірігу және әлеуметтік байланыстарды сақтау).

2. Ақпараттық. Ақпарат ағынының екіжақты бағыты бар, өйткені қарым-қатынасқа қатысушылар коммуникатор рөлінде де, реципиент рөлінде де алма-кезек әрекет етеді.

3. Қоғам мүлкіне айналдырушы (өздігінен даму, «достар» және «топтар» жүйесіндегі рефлексия).

4. Өзін белсендіруші (өзкөрсетім).

5. Сәйкестендіруші (жеке профильді құру кезінде пайдаланушы оны өзі туралы ақпаратпен толтырады – аты-жөні, туған күні, отбасылық жағдайы, мектебі, ЖОО, қызығушылығы және т.б., осылайша берілген белгілер бойынша сауалнамаларды іздеу мүмкін болады).

6. Сәйкестілікті қалыптастыру функциясы. Фестингер теориясына сәйкес (1954 ж.), адам өзін ұқсас жерлері көп адамдармен салыстыруға бейім келеді. Сонымен қатар когнитивтік диссонанс теориясына сәйкес ұқсас адамдар бір-біріне жағымды баға береді [3]. Бұл адамға басқа адамдар мен топтарға қатысты өз ұстанымын нақты тұжырымдауға мүмкіндік беретін негізгі механизм.

7. Ойын-сауық. Әлеуметтік желілер мәтіндік хабарламалармен ғана емес, мультимедиялық файлдармен алмасуға мүмкіндік береді, онымен қоса, виджеттердің - пайдаланушының мүмкіндіктерін кеңейту үшін бөгде өндірушілер жасайтын, ойын-сауық сипатындағы шағын бағдарламалардың маңызын да атап өту қажет (ойындар, медиа-қосымшалар және т.б.).


ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ ӘСЕРЛЕРІ МЕН ҚАСИЕТТЕРІ

Нақты әлеуметтік желілер үшін келесі негізгі әсерлер мен қасиеттерді атап өтуге болады [4] (1-кесте):

1-кесте—Әлеуметтік желілердің негізгі әсерлері мен қасиеттері

№	Әлеуметтік желілердің негізгі әсерлері мен қасиеттері
1	пайдаланушылардың өз пікірінің болуы
2	әлеуметтік желінің басқа мүшелерінің ықпалымен пікірді өзгерту
3	бір пайдаланушылардың пікірлерінің (ықпал ету, сенім арту) басқалары үшін әртүрлі маңыздылығы
4	әлеуметтік желі мүшелерінің ықпалға түсуге бейімділігінің әртүрлі дәрежесі
5	әлеуметтік байланыстар тізбегіндегі жанама ықпал етудің қатар әрекет етуі
6	«пікірлер көшбасшыларының» қатар әрекет етуі
7	айналадағылардың пікірінің өзгеруіне деген сезімталдық шегінің болуы
8	топтарды шоғырландыру («мүддесі бойынша», жақын пікірлермен)
9	әсер етудің сыртқы факторларының (әдетте маңызы төмендері) болуы (жарнама, маркетингтік акциялар) және сәйкесінше сыртқы агенттердің болуы (бұқаралық ақпарат құралдары, тауар өндірушілер және т.б.)
10	көшкін тәрізді әсердің болуы
11	коалициялардың пайда болу мүмкіндігі
12	пайдаланушылардың ойындық өзара әрекеттесуі
13	әлеуметтік желілердегі ақпараттық басқару

Интернет ортада әлеуметтік желілердің әртүрлі шартты сыныптамасы бар. Еңбекте әлеуметтік желілер типологиясының келесі әдісі ұсынылған (3-суретті қараңыз):



3-сурет. Әлеуметтік желілер типологиясы

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА ІЛГЕРІЛЕТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Ақпараттық технологиялардың дамуы соңғы онжылдықта қоршаған дүниені қабылдау мен адамдардың бір бірімен байланысу әдісін сапалы өзгертуге деген айқын беталыстың байқалуына әкеп соқты. Жыл өткен сайын әлеуметтік желілерде жеке парақшалардан бөлек жариялы корпоративтік парақшалар саны да артып келеді, компаниялар үшін әлеуметтік платформалар аудиториямен қарым-қатынас орнатудың таптырмайтын құралына айналды. Мемлекеттік органдарға әлеуметтік желілерде парақшалар құра отырып, әлеуметтік желілерде де белсенді ақпараттық жұмыс жүргізу қажет.

Бұл сондай-ақ саяси партиялар мен олардың филиалдарының жұмысына да тікелей қатысты. Саяси партиялардың әлеуметтік

желілердегі белсенділігін талдау ақпараттық жұмыстан бөлек парақшаға жазылушылардан келіп түскен пікірлерге, ұсыныстар мен комментарийлерге талдау жүргізу маңызды екенін көрсетеді. Онымен қоса, пайдаланушылардың демографиялық белгілеріне талдау жүргізу қажет. Демографиялық белгілерді шартты түрде жынысы, ұлты, отбасылық жағдайы, білім деңгейі, кәсібі, жұмыспен қамтылуы, діни және саяси көзқарасы, жасы бойынша бөлуге болады.

Жеке және тақырыптамалық виртуалды қауымдастықтардың әлеуметтік желілерін талдау үшін де социометрия әдістерін қолдануға болады. Виртуалды «достық» немесе «жазылым» қарым-қатынастарында тіркелген позитивті таңдауларды талдау қажет және соның негізінде социометрияда қабылданған социограмма түрлері құрылады, шағын виртуалды топтардың көшбасшылары мен аутсайдерлері анықталады.

Сонымен қатар әлеуметтік желілерді қолдана отырып, саяси партиялар шағын сауалнамалар жүргізе алады, соның ішінде қазіргі таңда танымал болып келе жатқан онлайн-сауалнамалар жүргізе алады.

Онлайн-зерттеулер жүргізудің артықшылықтары:

1. Респонденттердің жоғары санына қол жеткізу. Интернет, үнемі өсіп отыратын және шексіз орта ретінде, әртүрлі әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы бар миллиондаған пайдаланушыларды қамтиды.

2. Зерттеу жүргізудің жылдамдығы. Онлайн-зерттеулерді қолдана бастағанда сауалнаманы құру және деректерді жинаумен қатар, нәтижелерді өңдеуге жұмсалатын уақыт қысқарады.

3. Қаржылық шығындардың төмендеуі. Онлайн сауалнама жүргізу зерттеуге жұмсалатын шығындарды қысқартуға мүмкіндік

береді, өйткені қағаз сауалнамалар дайындау мен интервьюерлерді оқыту қажет болмайды.

4. Деректерді автоматтық (жартылай автоматтық) өңдеу. Бір заманда қағаз сауалнамалардың бумаларын қолмен өңдейтін әлеуметтанушылар, заманауи адамның өңдеу қателігін болдырмайтын, сауалнаманың өңделген нәтижелерін бірден алу мүмкіндігіне қызығар еді.

5. Нәтижелер онлайн режимінде. Нәтижелермен танысу үшін онлайн-зерттеудің аяқталуын күту міндетті емес, өйткені олар нақты уақыт режимінде қолжетімді.

6. Тұрақты жетілдіріліп отыратын әдістемелер. Технологиялардың дамуы мен еңбек көп жұмсалатын процестерді барынша автоматтандыруға ұмтылу онлайн-сауалнамалардың тұрақты артып отыратын мүмкіндіктеріне жетелейді.

7. Жосықсыз респонденттер жоқ. Аяқталар алдында онлайн-сауалнама мұқият тексеріледі: барлық міндетті сұрақтардың толтырылғаны; еркін жауап бағандарының дұрыс толтырылуы; жауапты таңдаудың көптігі бар сұрақтарға жауаптардың дұрыс берілуі. Қате болған жағдайда, жүйе оны респондентке көрсетеді.


8. Респонденттердің ашып айтушылығының жоғары деңгейі. Онлайн-зерттеулер қамтамасыз ететін толық құпиялылық респонденттерге өз пікірін неғұрлым ашық және шынайы айтуға мүмкіндік береді.

9. Нақты өмірде қол жеткізу қиын мақсатты топтарға қол жеткізу. Мысалы, анонимді маскүнемдер немесе жыныстық азшылық өкілдері сияқты мақсатты аудиториялардың интервьюермен жеке байланысқа шығуы өте қиын. Алайда онлайн-зерттеудің жоғарыда

аталған құпиялылығы оларға өз пікірлерін еркін айтуға мүмкіндік береді.

10. Респондент үшін максималды қолайлылық. Жеке сауалнама жағдайында интервьюер респонденттерге қолайлы уақытта, қолайлы жерде, қолайлы ауа-райында жүгіне алмағандықан оларды «жоғалтады». Өз кезегінде онлайн-зерттеу респондентке сауалнаманың уақыты мен орнын таңдауға мүмкіндік береді.

Онлайн-тестілерді әртүрлі ресейлік сервистердің көмегімен құруға болады, олардың тегін нұсқалары бар. Мысалы:



ПАРТИЯЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИАДАҒЫ ЖҰМЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Интернет пайдаланушылардың әлемдік статистикалық деректері сайтының деректері бойынша Қазақстанда 2015 жылдың қараша айында шамамен 10 000 000 интернет пайдаланушы болды – ол ел

халқының 54%-дан астамын құрайды. 2000 жылы барлығы 70 000 пайдаланушы болды, ол Интернетті пайдаланатын халықтың қарқынды өсуін білдіреді [5]. Сонымен қатар «Қоғамдық пікір» зерттеу институты жүргізген әлеуметтік зерттеуге сәйкес 2015 жылдың екінші жартысында ел тұрғындарының жартысынан астамы интернетті күнделікті қолданды.

Қазақстандықтар арасында неғұрлым танымал қызметтер қатарына әлеуметтік желілер екіпіндеп кіріп келеді (қарым-қатынас жасау желілері – «Одноклассники», «Вконтакте», «Мой мир» және т.б.). Әрбір екінші пайдаланушы жаңалықтар ресурсы сияқты қызметтерді пайдаланады.


Қазақстандық интернет желілерін пайдаланушыларды көбінесе жаңалықтар ресурсы (69,2%), музыка, кино (62,3%), ойындар 32,5%, Қазақстандағы, өңірдегі, әлемдегі әлеуметтік-экономикалық процестер (30,5%) сияқты тақырыптамалар қызықтырады. Елдегі саяси процестер **23,7%** республика тұрғындарын қызықтырады [6].

Қазіргі уақытта қазақстандықтар ресей әлеуметтік желілері мен блогплатформаларын көбірек қалайды. Дегенмен батыс қосымшаларының үлесі де ҚР халқы арасында артып келеді.

Әлеуметтік желілердің ай сайынғы белсенді аудиториясы - 3,3 млн. адам, олар айына 45 млн-ға дейінгі жарияланым жасайды. Белсенділік деңгейі бойынша алдыңғы қатарлы әлеуметтік желі мыналар:

- «ВКонтакте» - 1,9 млн. автор;
- «Instagram» - 1,3 млн.;
- «Facebook» - 126 800;
- «Twitter» - 16 600.

Айқын трендтердің бірі – «Instagram» желісіндегі белсенді аудиторияның қарқынды артуы болып табылады, оның көлемі 2015 жылдың көктемімен салыстырғанда 6 есеге артты. Сонымен қатар Twitter желісінің белсенді аудиториясының төмендеуі байқалады [7] (4-суретті қараңыз).



4-сурет. Қазақстандағы әлеуметтік желілердің рейтингі

Әлеуметтік желілер партиялық брендті дамытудың және әлеуетті сайлаушылармен ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнатудың тиімді ақпаратты алаңы болып есептеледі. Саяси партиялар үшін интернет-ресурстар мен әлеуметтік медиамен жұмыс істеу бойынша негізгі қағидаларды, ұсыныстарды қарастырайық.

Партияның жана парақшасын, аккаунтын құру үшін партия алдымен іс-қимылдардың белгілі бір алгоритмін ұстануы тиіс.

1

Дамытуға арналған желіні таңдау.
Желіні бастапқы талдау (типтік пайдаланушы,
қатысушылар арасындағы қарым-қатынастар сипаты,
ерекшеліктері және т.б.)
Міндеттер мен мақсаттар стратегиясын анықтау


Бірінші кезеңде қатысудың форматын анықтап алу қажет: жеке және/немесе жариялы парақша, сондай-ақ арнайы топ болуы мүмкін. Бұл жерде Қазақстанға қатысты ең көп кіретін желі «Вконтакте» болып табылатынын атап өту керек, ал қоғамдық пікір көшбасшылары көбінесе «Facebook» қолданады, сондай-ақ Instagram да ерекше танымалдылыққа ие болып келеді. Сондықтан партияларға аталмыш әлеуметтік желілердің жұмысын ұйымдастыру кезінде олардың әрқайсысының ерекшеліктерін ескеруі және тиісінше әрекет етуі тиіс (мысалы, «Вконтакте» желісінде жарияланған ақпарат «Facebook» желісінде тиісті әсерін тигізбеуі мүмкін және керісінше).

2

Парақшаның немесе топтың дизайнін әзірлеу
Контентті қалыптастыру және орналастыру

Бұл кезеңде, біріншіден, рәсімдеу жағынан да, мазмұндық жағынан да партияның басты бағытына қатаң сәйкестік болуы қажет.

Партияның парақшасы толтырылатын контент партияның даму стратегиясымен, бағдарламасы және жарғысымен үйлесімді болуы тиіс. Сонымен қатар, рәсімдеу кезінде жалпы аудиторияға түсінікті болатын қарапайым тіл мен стиль қолданылуы тиіс.



АҚШ Демократиялық партиясының сайты, ол айтарлықтай қарапайым рәсімделген, айдарлар қысқа бейне, графикалық интерактивтік формалар форматында ұсынылған.

Канаданың либералдық партиясының ресми парақшасында елдің Премьер-Министрі Джастин Трюдоны қолдайтын бейне материалдардың көптеген саны бар, сондай-ақ партияның бастамалары туралы қысқа, ашық түсті бейне материалдар бар

3

Парақшаны, топты танымал ету (жазылушыларды тарту, олармен байланыс ұйымдастырылады)

Дұрыс құрылған даму стратегиясы спамды қатаң жою мен троллингпен күресуден, сондай-ақ әрбір кірушіге деген сыпайы қарым-қатынастан тұрады. Адамдар бұл жерде өздерін жайлы сезінуі және осы жерде оларды қуана қарсы алатынын сезінуі тиіс. Бұл – табыс кепілі. Осындай жұмыс жүргізіліп болған кезде адамдардың реакциясын – олардың құрылымдық ұсыныстарын, эмоцияларын, сындарын және т.б. бақылау маңызды [8].

Парақшаның немесе топтың жұмысын ұйымдастырғаннан кейін жоспарлы жұмыс жасау мен парақшаны дамыту кезеңі басталады. Бұл жерде топтың белсенділерімен офлайн-кездесулер ұйымдастыруға, оларды нақты жобаларға қатысуға тартуға, осы әлеуметтік желідегі ұқсас интернет-аландармен қарым-қатынасты жақсартуға, сілтемелермен алмасуға болады.

Интернетте «нақты өмірдегі» сияқты орын алған оқиғаларға қатысты тірі және тривиалдық емес реакцияны көретін жер ғана адамдардың қызығушылығын тудырады. Сондықтан даму стратегиясы мен жаңа контент формасымен қатар мәні бойынша да айтарлықтай өзгерістерді бастан кешуі мүмкін. Жазылушылардан қандай реакция күтетініізді түсіну маңызды. Монолог форматы және кері байланыстың болмауы сәтсіздікке ұшыратады.

Адамдар өздерінің естілуін қалайды және бір-бірін толықтыратын екі затты бәрінен артық бағалайды: конструктив және әзіл. Екеуінің арасындағы дұрыс ара салмақты таңдау үлкен қиындықты құрайды. Өйткені ең конструктивті және пайдалы ақпараттың өзі тым үлкен көлемде және тым ауыр формада берілген болса, алушылардың улы күмәншілдік толқыны мен қабылдамауын туындатуы сөзсіз.

Мысал ретінде Л.В. Сморгунов және А.С. Шерстобитов атты ресей зерттеушілерінің 2014 жылы «Вконтакте» әлеуметтік желісінде жүргізген зерттеуді келтіруге болады. Зерттеу барысында саяси

сипаттағы ең танымал 100 топ таңдалып алынған болатын. Содан кейін «РАЈЕК» бағдарламалық қамтамасыз ету негізінде аталмыш топтардың желілік құрылымдары талданды.

Нәтижесінде зерттеушілер топтарға неғұрлым танымал болуға мүмкіндік беретін негізгі технологиялық аспектілерді анықтады [9] (5-суретті қараңыз):

желінің неғұрлым орталық акторларымен тоғыспалы байланыстың болуы

басқа топтармен байланыстар санын барынша көбейту

қауымдастық мүшелерін белсенді болуға ынталандыратын контентті тұрақты жаңартып отыру

топтың онлайн-қызметі мен офлайн-белсенділікті үйлестіру

бөгде интернет-ресурстардың материалдарын жариялау немесе оларға сілтемелерді орналастыру

ынталандырушы факторларды қолдану: пікірлердің көшбасшыларынан дәйексөз алу, желіде танымал болған фразалар мен стереотиптерді тираждау

5-сурет. Әлеуметтік медианың негізгі технологиялық аспектілері

КРАУДСОРСИНГ

Краудсорсинг көптеген адамдардың білімін қолдана отырып жаңа және тиімді идеялар мен шешімдерді генерациялауға арналған бірнеше технологияны қамтиды. Ол бір бірінен қатысу әдісінің қағидасы бойынша ерекшеленетін бірнеше технологияның синтезін құрайды.

«Краудсорсинг» терминінің авторы **Джефф Хау краудсорсингтің негізгі 4 типін** көрсетті:

«Топтың» даналығы. Күрделі мәселелерді шешу, болжамдар жасау үшін ұжымдық ақыл-ойды пайдалануды білдіреді. Ең қарапайым форма – идеялар биржасы.

«Топтың» шығармашылығы. Жаңа тауарлар, дизайн логотиптер жасау, жарнама науқандарын әзірлеу, бейнефильмдер түсіру үшін қауымдастықты тарту.

«Топтың» дауыс беруі. Қауымдастықтың пікірі ақпараттың едәуір көлемін жүйелендіру мен деректердің аса үлкен ағынын талдаудың негізінде жатыр.

Краудфандинг. Қандай да бір жобаны іске асыру үшін ақша жинау үшін қауымдастықты тарту(әдетте, қайырымдылық немесе шығармашылық).

КРАУДСОРСИНГ

КРАУДСОРСИНГ

Большое количество политических партий начинают применять **краудсорсинговые технологии** в качестве метода прямого взаимодействия партии и граждан.

Более того, власть привлекая граждан к процессу подготовки решений, **во-первых**, получает множество альтернативных подходов, **во-вторых**, повышает ответственность со стороны населения за принятие политических решений

18

КРАУДСОРСИНГ



К одной из первых краудсорсинговых технологий в политике можно отнести инициативу первого австралийского **премьер-министра Эдмонда Бартона**.

Он в 1901 году будучи премьер-министром страны запустил **международный конкурс по разработке эскиза государственного флага Австралии**. В ходе конкурса он получил со стороны населения более 30 000 предложений.

19

Краудсорсинг технологияларының жарқын мысалдарының бірі Исландия Конституциясы болып табылады. Исландия Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстарды қабылдау үшін әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін пайдаланды. Бұл ел азаматтарының күшімен құрылған әлемдегі ең бірінші конституция.

Финляндия үкіметі «OpenMinistry» краудсорсинг платформасы әзірлеген жаңа технологияны мақұлдады. Аталмыш технологияны іске асыру ел азаматтарына өзінің жаңа заң жобаларын Парламентке дауыс беру үшін енгізуге мүмкіндік берді.

Аталмыш технологияны қолдану Үкімет мүшелерінің шеңбері ғана тартылған жағдайға карағанда, жаңа заңдар шығару процесін неғұрлым демократиялық етті. Әзірленген платформа тіркелген пайдаланушыларға өз заң жобаларын ұсынуға мүмкіндік беретін «азаматтық бастама» ресурсын қалыптастырудың нәтижесі болды.

Егер ұсынылған заң жобасы жарты жылдың ішінде басқа тіркелген пайдаланушылар тарапынан 50 000 дауыс жинайтын болса, онда ол Финляндия Парламентіне дауыс беру үшін енгізіледі.

2012 жылдан бері аталмыш краудсорсинг жүйесі дауыс берудің дәстүрлі әдістерін ысырып, онлайн шығып келеді.

Сәйкестендіру жүйесі – ұялы байланыс операторлары мен банктердің қосымшалары.

КРАУДСОРСИНГ	КРАУДСОРСИНГ
<p>Реализация краудсорсингового проекта на региональном уровне позволяет:</p> <ul style="list-style-type: none"> • за минимальные сроки узнавать о существующих проблемах и привлекать к их решению самих жителей данного региона. • собирать в одном месте проекты для улучшения жизненной среды и проводить онлайн — голосования. • проводить контроль над качеством выполнения возложенных поручений на местах. 	<p>Реализация краудсорсингового проекта на региональном уровне позволяет:</p> <ul style="list-style-type: none"> • формировать и поддерживать позитивный имидж региональных руководителей и всего региона в целом; • получать аналитические сведения о ситуации в регионе в отдельных отраслях; • возможность привлечения волонтеров к решению различных социально значимых задач; • формировать группы лояльных пользователей проекта, перетекающие в дальнейшем в иные тематические сервисы.

ҰСЫНЫСТАР

Заманауи жағдайларда күн тәртібін тиімді басқару жоғары шапшандықты, айғақтылықты, жасампаздықты және негізділікті талап етеді.

АЛГОРИТМ ДЕЙСТВИЙ	Возможности социальных сетей
<ol style="list-style-type: none"> 1. Составить список СМИ 2. Цель и задачи мониторинга 3. Периодичность мониторинга <p>Виды мониторинга:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Автоматизированный мониторинг • Ручной мониторинг 	<p>Оперативный мониторинг – Facebook</p> <p>Список блогеров и лидеров общественного мнения</p> <ol style="list-style-type: none"> 1 – перейти на американскую версию профиля – Search – обычный поисковик – лучше работает при большом количестве подписок и друзей 2 – можно создать friend lists – дают возможность отслеживать конкретных людей (группы) <p>Friend lists лучше просматривать один раз в полдня, более долгие периоды (один раз в неделю) мало эффективны</p>

Төменде әлеуметтік медиада жұмысты ұйымдастырудың 8 негізгі қағидасы көрсетіледі:



Саяси оқиға кезінде қоғамдық пікірді басқару үшін заманауи ақпараттық технологиялардың тұтас спектрі қолданылады.

Саяси оқиғаның тақырыбын танымал ету үшін әдетте бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты ұсынудың келесі жұмсақ әдістері қолданылады [10].

1. Ақпараттық себепті тым көтеріп жіберу: тақырыпқа сенсациялықтың жөнсіз жоғары деңгейі беріледі.

2. «Тәттімәнмәтін»: орын алатын саяси оқиға (мәлімдеме) фактісімен тікелей байланысы жоқ, бірақ болашақ тақырыпты жан-жақтан өзекті етіп ұсынатын репортаждар сериясы жарияланады.

3. «Халықтың даусы»: «Халық айтса – қалт айтпайды» қағидасы бойынша әсер ететін технология.

4. «Дойбы құру»: саяси оқиға (мәлімдеме) айналасында болатын пікірсайыстардың жекелеген аспектілерін қажетті қырынан қозғайтын аралас тақырыптарды жариялау, кейіннен олар саяси оқиға тақырыбымен бірге жарқ ете қалуы тиіс.

5. Анимация (жандандыру): саяси оқиғаның қатысушыларын әйгілі адамдар ретінде қарастыру, олардағы «адамгершілікті, асқан адамгершілікті» көрсетуге тырысу (Ф. Ницше).

6. Ақпараттың жалған жайылып кетуі: «жақсы ақпараттанған құпия көздерге» сілтеме.

7. Кластерлеу (жеке адамдарға бөлу): саяси оқиғаның (мәлімдеменің) тақырыбын әр жолы қоғамның жаңа әлеуметтік тобына жүгіне отырып, жеке талқылауға болатын айқын маңызды бөліктерге бөлу.

8. «Пластик сарапшы» («сөйлейтін бас»): әйгілі саясаткердің беделді пікірін жариялау.

9. «Топтағы өз адамымыз»: көшеде «кездейсоқ» өтіп бара жатқан адаммен сұхбат.

10. «Жасанды серік»: кез келген атақты адам саяси оқиғаның (мәлімдеменің) талқыланатын тақырыптың ортасында.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Электрондық ресурс.<http://www.ebizmba.com/articles/social-networking-websites> (жүктелген күні 14.05.2016 ж.).
2. Садыгова Т. С. Әлеуметтік желілердің әлеуметтік-психологиялық функциялары // ТГУ ғылымының векторы. – 2012. – №3 (10). – 192–194 б.
3. АКТ қолданумен оқытудағы әлеуметтік медиа: талдамалы жазба, наурыз, 2011/ ЮНЕСКО-ның білім берудегі ақпараттық технологиялар институты. – Москва: БАТИ, 2011. – 12 б. URL: <http://iite.unesco.org/pics/publications/ru/files/3214685.pdf> (жүктелген күні 23.05.2016 ж.).
4. Губанов Д. А. Әлеуметтік желілер: ақпараттық ықпал ету, басқару және қарсы тұру модельдері / Д. А. Губанов, Д. А. Новиков, А. Г. Чхартишвили. – Москва: Физика-математикалық әдебиеттер баспасы, 2010. – 228 б.
5. Электрондықресурс // <http://www.internetworldstats.com/stats3.htm> (жүктелген күні 10.05.2016 ж.).
6. «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының әлеуметтік зерттеу нәтижелері. Әлеуметтік желілердің мобилизациялау мүмкіндіктері.
7. Электрондық ресурс // <http://br-analytics.ru/blog/socialnye-seti-kazaxstana-zima-2015-2016> (жүктелген күні 10.05.2016 ж.).
8. Подсокорский Н. Саяси ілгерілету үшін әлеуметтік желілерді қолданудың перспективалары // Блог Грин. Электрондық ресурс // <http://blog.greensmmru/?p=98>.
9. Сморунов Л.В., Шерстобитов А.С. Саяси желілер. Талдау теориясы мен әдістері. Аспект Пресс. – М, 2014. – Б. 91-100.
10. Тиімді мемлекеттік саясат жүргізу үшін қоғамдық пікірмен өзара іс-қимыл жасаудың мәні//Қоғамдық ғылымның орта орыстық жаршысы. – Б.75-79.

**ТРЕНИНГИ ДЛЯ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ МЕСТНЫХ
ИСПОЛНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ**

(МЕТОДИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ)

Содержание

Введение.....	70
I. Тренинг «Ценностные ориентиры казахстанского населения в контексте формирования нации единого будущего».....	72
Модернизация общественного сознания: вопросы и ответы.....	72
Ценностные ориентиры казахстанского общества: социологические зарисовки.....	78
Выводы.....	101
II. Тренинг «Эффективное управление повесткой дня в условиях информационного общества».....	106
Управление повесткой дня.....	106
Теория повестки дня.....	106
Эффективное управление повесткой дня.....	106
Типы повестки дня.....	107
Фрейминг.....	109
Информационное общество.....	111
Развитие интернет-коммуникаций.....	111
Сила социальных медиа.....	112
Анализ социальных сетей.....	115
Основные эффекты и свойства социальных сетей.....	117
Социальные медиа как инструмент продвижения.....	118
Краудсорсинг.....	128
Рекомендации.....	131

ВВЕДЕНИЕ

В современных условиях повестка дня и эффективное управление ею стали важной составной частью public policy. Для местных исполнительных органов важно придавать большое значение общественному мнению и интегрировать его в процесс «реальной политики». В этом смысле качественным инструментом для работы выступают социологические исследования, четко фиксирующие реальную социально-экономическую и общественно-политическую ситуацию в регионе. Эмпирические данные помогают своевременно выявлять проблемные вопросы, тем самым становясь эффективным инструментом в процессе принятия управленческих решений.

Успех проведения модернизации зависит от множества различных факторов, одним из которых является деятельность управленческих структур. В этом контексте особую значимость приобретает работа местных исполнительных органов, и прежде всего, региональных управлений внутренней политики.

В рамках VI Конгресса социологов Казахстана «Модернизационная стратегия Казахстана в социологическом измерении: новые ценности, новая систем координат, новое время» для работников местных исполнительных органов были проведены тренинги: «Ценностные ориентиры казахстанского населения в контексте формирования нации единого будущего» и «Эффективное управление повесткой дня в условиях информационного общества».

В сборнике представлены методические материалы данных тренингов. Дан теоретико-методологический анализ современных медиасистем и ключевых характеристик формирования политической повестки дня, рассмотрена трансформация роли СМИ как ключевого инструмента в конструировании общенациональной повестки. Приведены данные социологического исследования «Ценностные установки современного казахстанского общества в свете

модернизации общественного сознания»^{*}, которое было направлено на изучение ценностных взглядов и ориентаций казахстанцев, в том числе на выявление степени готовности населения к модернизационным изменениям. Представлены практические рекомендации по моделированию и управлению общественным мнением, которые включают в себя анализ и оценку эффективности социальных сетей.

^{*}Исследование проведено Академией политического менеджмента партии «Нур Отан» в октябре 2017 года. Массовый опрос, объем выборочной совокупности - 1000 человек.

I. ТРЕНИНГ «ЦЕННОСТНЫЕ ОРИЕНТИРЫ КАЗАХСТАНСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КОНТЕКСТЕ ФОРМИРОВАНИЯ НАЦИИ ЕДИНОГО БУДУЩЕГО»

МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ: ВОПРОСЫ И ОТВЕТЫ

Зачем нужна модернизация общественного сознания?

- Не изменив сознание, мировоззрение, мышление людей, Казахстану не осуществить переход к более совершенному уровню развития общества и не достигнуть цели и задач Стратегии «Казахстан -2050».
- Модернизация духовной жизни казахстанского общества является важным условием укрепления независимости.
- Модернизация общественного сознания позволит по-новому взглянуть на культурно-исторические, социально-политические процессы современной жизни казахстанского общества.
- Модернизация общественного сознания мобилизует интеллектуальные силы общества на решение морально-нравственных, историко-культурных, социально-политических и других проблем общества.

Почему важно изучение ценностей?

Если раньше эффективность модернизации выводилась почти исключительно из экономического роста, то теперь признается важная роль ценностей, отношений, символических смыслов и культурных кодов.

Какова основная цель модернизации общественного сознания?

Цель – формирование Нации единого будущего.

Каковы ценности Нации единого будущего?

Нация Единого Будущего – главная цель третьего этапа государственного строительства, Плана нации в частности. В нем предусмотрены меры, направленные на укрепление и развитие казахстанской идентичности и единства. Фундаментом казахстанской идентичности и единства являются общенациональные ценности, базирующиеся на культурном, этническом, языковом и религиозном многообразии. Новые общенациональные ценности – верховенство права, государственные традиции, казахстанские ценности – должны стоять выше этнических моделей.

Какие направления модернизации сознания как общества в целом, так и для каждого казахстанца определяет Н.А.Назарбаев?

В статье Н.А. Назарбаев выделяют 6 ключевых направлений модернизации общественного сознания:

- конкурентоспособность;
- прагматизм;
- сохранение национальной идентичности;
- культ знания;
- эволюционное, а не революционное развитие Казахстана;
- открытость сознания.

Каковы основные задачи модернизации общественного сознания?

В модернизации общественного сознания двоякая задача: с одной стороны, преодоление прошлых стереотипов, с другой, сохранение своей культуры, опора на национально-культурные корни.

Сколько понадобится времени для изменения общественного сознания?

Модернизация общественного сознания – процесс длительный. В этом вопросе нельзя допускать поспешности. Изменить сознание, мышление и ценностные ориентиры людей в одночасье просто невозможно. Модернизация духовного мира людей долгий и длительный процесс. Она может длиться годами и десятилетиями. Прежнее сознание может сопротивляться, не принимать нововведения, стать препятствием и тормозом на пути нового. В этом заключается его сложность и противоречивость. Однако это не означает, что сознание вообще не может меняться, обновляться и подвергаться изменениям.

Изменилось ли сознание казахстанцев за годы независимости?

За годы независимости сознание казахстанцев адаптировалось к рыночным условиям. Оно стало более гибким, мобильным и более прагматичным, чем в годы социализма. Прежние идеологические стереотипы канули в прошлое.

Сегодня сознание казахстанцев заполнено другими ценностями: конкурентоспособность, коммуникабельность, информированность, толерантность, открытости т д.

Почему Н.А. Назарбаев считает, что «первое условие модернизации нового типа – это сохранение своей культуры, собственного национального кода»?

Духовность сегодня – условие, фактор и тонкий инструмент решения задачи выживания человечества, устойчивого развития общества и личности.

От того, как человек использует потенциал духовности, зависит его настоящее и будущее, поэтому проблема становления духовного человека сегодня обозначилась как жизненно важная задача сохранения человеческой культуры, цивилизации в целом.

Казахскому народу как государствообразующему этносу традиционно были присущи такие духовные ценности, как «жеті ата» (почитание предков, своей истории), «тіл» (язык и культура), «жер» (родная земля), «ел» (государство). Эти кодовые понятия формировали национальный характер казаха, нравственные устои и традиционную культуру, мировоззрение, ответственность перед прошлыми и будущими поколениями, любовь к родной земле.

В чем недостаток западных моделей модернизации?

В том, что модернизация рассматривается как переход от национальной модели развития к некой единой, универсальной. На практике разные регионы и страны выработали свои модели.

Какие конкретные проекты предлагает Н.А. Назарбаев, которые необходимо развернуть в ближайшие годы? В чем их суть?

Н.А. Назарбаев предложил несколько актуальных проектов, которые могут ответить на вызовы времени:

1. Проект **Переход казахского языка на латиницу** – технологический этап развития казахского языка, преимуществами

которого являются более лёгкая интеграция в технологические, экономические, экономические, научно-образовательные мировые связи; большой доступ к информации в интернет-пространстве.

2. Проект **«Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке» по общественным и гуманитарным наукам** – создание условий для качественного образования студентов по гуманитарным дисциплинам; перевод 100 лучших учебников мира с разных языков на казахский язык; создание Национального бюро переводов.

3. Программа **«Туған жер»** – организация краеведческой работы в сфере образования, экологии и благоустройства; восстановление культурно-исторических памятников и культурных объектов местного масштаба; поддержка малой родины бизнесменами, интеллигенцией, молодёжью; развитие спонсорской помощи. Программа **«Туған жер»** должны перерасти в более широкую – **«Туған ел»**.

4. Программа **«Духовные святыни Казахстана» или «Сакральная география Казахстана»** – просветительская подготовка каждого казахстанца по осознанию роли и места каркаса национальной идентичности – культурно-географического пояса святынь Казахстана; системная работа СМИ в продвижении национальных информационных проектов; опора внутреннего и внешнего туризма на символическое наследие народа.

